

Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдар жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақыларына ынталандыру үстемақы белгілеу туралы

Ақтөбе облысы Мәртөк аудандық мәслихатының 2024 жылғы 18 наурыздағы № 104 шешімі

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" қаулысының 5 тармағының 3) тармақшасына сәйкес, Мәртөк аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мәртөк ауданы әкімдігінің "Мәртөк аудандық ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Мәртөк аудандық жастар ресурстық орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларына жергілікті бюджеттен ынталандыру үстемақысы 30 (отыз) пайыз көлемінде белгіленсін.

2. Осы шешім 2024 жылғы 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізіледі.

*Мәртөк аудандық
мәслихатының төрағасы*

Т. Көлкебаев